

Ғ.Ә. Тұяқбаев\*, А.М. Абасилов, К.С. Сарышова

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан  
(E-mail: turmagambet@mail.ru, aman\_abasilov@mail.ru, K\_Sarysheva@mail.ru)*

## Қазақ тіліндегі топоним-логоэпистемалар

Мақала қазіргі сөйлеу кеңістігінің бірліктерін, топоним-логоэпистемаларды тіл мен мәдениеттің тоғысында зерттеуге арналған. Тіл-тілдегі топоним-логоэпистемалар зерттелуіне назар аударсақ, олардың халық, ұлт дүниетанымының негізгі көрсеткіштері екенін байқаймыз. Сондықтан да географиялық атаулар кейде географиялық нысанмен тікелей байланысты болмайды. Басқаша айтқанда, кез келген сөз сияқты географиялық атаудың да мағынасы өзі білдіретін нысанға қатысты емес, ол біздің санамыздағы образға байланысты түсіндіріледі. Сондықтан географиялық атау мен ол білдіретін нысан арасындағы қатынас күрделі, екіжақты болады. Бұл географиялық атау мен географиялық нысан арасында адам түр дегенді білдіреді. Сол себепті топонимдерді адамның саналы ойлау позициясы тұрғысынан келетін, прагматикалық негізі бар тілдік және тілдік емес сананың сөйлеу мен ойлау қатынасын қарастыратын когнитивті-прагматикалық аспектіде зерттеудің қажеттілігі пайда болады. Тілдің когнитивті-прагматикалық аспектісіне сүйену синхронды зерттеуге жол ашады, яғни топонимдерді жағдаяттық контексте қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл арқылы нақты бір тілдік ұжымның географиялық атауды қазір қалай қабылдайтынынан және тұлға санасында олардың қалай қызмет етіп, орнығатынынан, өңделетінінен ақпарат аламыз. Әрбір атау – тарихтың табы сіңген нысаналы белгісі. Сондықтан мұндай ұлттық әрі рухани байлығымыз саналатын топонимдерді зерттеу – уақыт талабы, заман сұранысы.

*Кілт сөздер:* топоним, логоэпистема, когнитивті-парадигмалық аспект, лингвомәдениеттану, тілдік кеңістік, мәтін, білім, таным.

### *Kipicne*

Кез келген географиялық атау немесе топоним тіліміздің лексикалық жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Бұлар бізге адам санасындағы географиялық шындықты бейнелейтін ертеректегі сөз-формалардың бірі ретінде таныс. Әрбір атау — тарихтың табы сіңген нысаналы белгісі. Сондықтан мұндай ұлттық әрі рухани байлығымыз саналатын топонимдерді зерттеу — уақыт талабы, заман сұранысы.

Қандай да бір өңірдің жер-су атаулары өзінің бойына географиялық сипаттамаларды, ұлттық кодты, когнитивті лингвистикалық танымды, көптеген тарихи мәліметтерді, этнографиялық деректерді сақтап отыратыны белгілі. Сондықтан топонимдер нақты бір географиялық ұғым атауы болумен қатар онда халықтың жады, тарихы, таным-түсінігі т.б. мәлімет-деректер қамтылады. Демек оларды арнайы сұрыпталған лексикалық қабаттарға байланысты қарастыру қажет.

Көне дәуір куәсі болып табылатын топонимдер халықтың этнографиялық, қоғамдық, әлеуметтік жай-күйінен, өткен өмір-тіршілігінен әрқилы мәлімет береді. Мұның өзі топонимдерді зерттеудің өте күрделі құбылыс екендігін, ол істе зор ғылыми ізденістермен ғана мақсат-мұратқа жету мүмкін екендігін көрсетеді.

Географиялық атаулар географиялық нысанмен тікелей байланысты болмайды. Басқаша айтқанда, кез келген сөз сияқты географиялық атаудың да мағынасы өзі білдіретін нысанға қатысты емес, ол біздің санамыздағы образға байланысты түсіндіріледі. Сондықтан географиялық атау мен ол білдіретін нысан арасындағы қатынас күрделі, екіжақты болады. Бұл географиялық атау мен географиялық нысан арасында адам түр дегенді білдіреді. Сол себепті топонимдерді адамның саналы ойлау позициясы тұрғысынан келетін, прагматикалық негізі бар тілдік және тілдік емес сананың сөйлеу мен ойлау қатынасын қарастыратын когнитивті-прагматикалық аспектіде зерттеудің қажеттілігі пайда болады.

Тілдің когнитивті-прагматикалық аспектісіне сүйену синхронды зерттеуге жол ашады, яғни топонимдерді жағдаяттық контексте қарастыруға мүмкіндік береді. Біз бұл арқылы нақты бір тілдік ұжымның географиялық атауды қазір қалай қабылдайтынынан және тұлға санасында олардың қалай қызмет етіп, орнығатынынан, өңделетінінен ақпарат аламыз.

Жалпы топонимдер өзінің пайда болуынан бастап жан-жақты қабылдануға, орнығуға бағдарланып қойылған. Тілдік бірліктердің әсерінен сөйлеушінің санасында бұрыннан бар білімнің, түрлі көріністердің, бейнелердің жаңғыруы жүреді, сондай-ақ, жаңаның игерілуі жүзеге асады. Осыған назар аударсақ, топонимдер өзі білдіретін нысанының атауы ғана болуымен шектелмей, өзіндік күрделі құрылымдық мағынасымен ұлттық-мәдени ақпаратты сақтайтын қор, ұлттық код бола алатындығын байқатады.

### *Зерттеудің деректері мен әдістері*

Ата-бабамыздан қалған жер-су атауларының мағынасы біздің сол нысан туралы біліміміздің тар шеңберінен шығып, бірте-бірте кеңейе берумен ұштасып жатады, ол ешқашан сарқылмақ емес. Айталық, қазір біз үшін «**Сырдария**» деген сөз нені білдіреді? «Сырдария өзені Орталық Тянь-Шань жоталарынан басталып, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан аймағы арқылы өтіп, Қазақстанда Арал теңізіне келіп құяды. Ұзындығы — 2219 км» [1].

Иә, бұл — оның тек энциклопедиялық мағынасы. Алайда бұл географиялық ұғымға қатысты біздің, яғни лингвомәдени қауымдастық өкілдерінің санасында қалыптасқан аялық білім мұнан да көп, тіпті шексіз деп те айтуға болады. **Сырдария** топонимі ежелден оның бойында қоныстанған Орта Азия халықтарының, соның ішінде қазақ ұлтын көптеген ассоциативті-концептуалды өрнектермен өрілген неше алуан рухани дүниетанымының көріністерін, бейнелерін білдіреді. Мысалы белгілі тарихшы-ғалым Х.Көктәнді **ақ** сөзінің ежелгі нұсқасы **су** сөзі болғанын айта келіп: «**Су – ақ** деген сөз. Судың **ақ** деген мағынаны білдіретінін көптеген деректер айғақтайды. Жапондарда да **су** дыбысталуы **ақ** мағынасын білдіреді екен. **Сырдария** өзенінің «Авеста» кітабындағы атауы — **Ардвисур**. Бұл өзеннің ежелгі аты — **«таза ақ өзені»** деген мағына берген». Екінші бір мысал: Алтын Орданың Жошы заманындағы атауы — «**Сыр Орда**». Көптеген тарихшылар, соның ішінде Рашид-ад-дин, Вассаф, А.Б. Греков, А. Якубовский сынды ғалымдар Алтын Оданы «**Сыр Орда**» деп атаған немесе «**Су Орда — Алтын Орда деген атауға еге**» деген деректер келтіреді [2: 148]. Осыған назар аударсақ, қандай да бір сөз не атау (топоним) мағынасы тек лингвистикалық білім ғана емес, дүниелік білім беретіндігіне де жіті көңіл аудару қажеттігі шығады. Айталық бүгінгі Қызылорда қаласының атауындағы «қызыл» деген тек Кеңес үкіметіне қатысты түсінік емес, ол көне түркі тілінде «алтын» деген мағынаны да білдіреді. Қазақтың «қызың көзі қызылда» дегені қызыл түсті емес, «алтын» дегенді мензейді. Сол сияқты тілімізде бидайды «алтын дән», астықты «қызылдау» деген ұғымдар бар. Соған сүйенсек, «Қызылорда» дегеннің арғы астарында «Алтынорда» деген мағына жатыр. Сонда *Су орда – Сыр орда – Алтын орда – Қызылорда* атауларында танымдық үндестік жатқан сияқты.

Ғылыми, танымдық әдебиеттерден, сондай-ақ көркем шығармалардан, фольклордан алынған көптеген мысалдар **Сырдария** өзенінің тарихи-мәдени және эстетикалық табиғатын оның менталды «географиялық» белгісімен ұштастыра байланыстырады. Сөйтіп гидронимді көпмағыналы, көпобразды таңбаға айналдырады. Мысалы, «Инжу өзен (парсы, түрік), «Нағыз інжу өзен» (қытай), «Үлкен өзен» (манғол), «Суық өзен» (парсы), «Сырдың сұлу өзені» (Ә.Тәжібаев), «Сыр — Алаштың анасы» (Н. Назарбаев), «Ассалаумағалейкум, Сыр данышпан» (Ғ. Қайырбеков), «Мұңлы Сыр жатыр ағып, сары бұрым» (Т. Әлімқұлов), «Сыр елі – жыр елі» (халық сөзі), «Сыр сұлуы» (З. Шүкіров), «Батырға Сырдың суы сирағынан келмейді, қорқаққа батпақ та кедергі, шалшық та бөгет» (Б. Момышұлы), «Сырдың суы сирағынан келмейді» (мәтел) т.б.

Сол сияқты Қазақстанның батыс аймағындағы **Еділ** және **Жайық** өзендері туралы да осыны айтуға болады. Айталық, «**Жайық**» атауы шығармаларда өте жиі қолданылады. Тура мағынасында **Жайық** — арнасы еш уақытта төмен түспейтін су молшылығының образы. Ал қосымша мағынасында **Жайық** — ғашықтар елі, Қыз Жібектің елі секілді мағыналарға ие болатын атау. Асан қайғы толғауында **Жайық** «кеңпейілділік», «кешірімшіл болу» тұжырымына ие болады:

Еділ бол да,

Жайық бол,

Ешкімменен ұрыспа [3].

Қазақтың өз алдына ел болып, қоныс-аумағын белгілеген кезеңдеріндегі, яғни ХУ–ХІХ ғасырлардағы ақын-жыраулар шығармаларындағы «кеңестік» ұғымына енетін «жер бедері», «тау», «су» жүйелеріне қатысты жиі қолданылатын жалпы атаулар мыналар: шөл, көл, қара жер, қыр, қоныс, өзен, жайлау, дала, тас т.б. Ал жалқы есімдер қатарын Жетісу, Сырдария, Еділ, Жайық, Көкшетау, Оймауыт, Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз, Алатау, Ақжайлау, Сандықтас, Тарбағатай, Аягөз,

Сарыарқа, Арқа, Алакөл т.б. Мұндай мағыналар зат пен құбылысқа деген қатынас, көзқарас тұрмыстық өмірге, тіпті публицистикалық, ғылыми танымал орталарға да ауысып отыруы мүмкін. Біздің түсінуімізше, белгілі бір лингвомәдени ортаның орташа есеппен алғандағы әрбір өкілі үшін етене таныс болып келетін, ұлттық танымға негізделген, ақпаратты өңдеп, сақтайтын қоры бар таңбалар мен символдар **логоэпистема** болып табылады.

#### *Негізгі бөлімі*

«**Логоэпистема**» деген не? Тіл біліміндегі түсінігі, анықтамасы қандай? Оның біз қарастырып отырған топонимдерге қандай қатысы бар? деген сұрақтарға жауап беріп өтейік. Қандай да бір сөздің, сөз тіркесінің, жалпы — лексикалық бірліктің өн бойында сақталатын мәдени ақпарат болады. Кез келген халықтың, ұлттың дүниеге деген көзқарасын білдіретін осы мәдени ақпараттар негізінде әлемнің тілдік бейнесі қалыптасады. Бұлар — халықтың рухани мәдениеті көрнекті түрде бейлеленетін тұрақты сөз тіркестері, идеомалар, фразеологизмдер, мақал–мәтелдер, халық даналығы т.б. Міне, осындай тілдік бірліктерді тіл білімінде Н.Д. Бурвикова, В.Г. Костомаров сынды ғалымдар «**логоэпистемалар**» деп атауды ұсынды [4: 181]. Олар логоэпистемаға сондай-ақ әр деңгейдегі лингвоелтанымдық құнды бірліктерді де (қанатты сөздер, прецедентті мәтін т.б.) жатқызады. Мұндай логоэпистемалардың мәні оларды мәдени факт ретінде қолдана байланысты ашылады деп түсіндіреді [4: 181].

Тілдегі әрбір тілдік бірліктердің тасасында танымдық мағына, қандай да бір дүниелілік білім, белгілі бір ақпарат жатады. Мысалы «**қара**» деген сөзді лингвистикалық білім аясында түсіндірсек, ол жеке тұрғанда белгілі бір түсті білдіретін сын есім не адамның назарын аудартуға қатысты әрекетті білдіретін етістік болуы мүмкін. Ал **қара сөз, қара мал, қара қыпшақ, Қаратау** дегендегі мағынасы халықтық танымда, дүниелік білімде ол: **көп, ірі, қалың, ұлан ғайыр** т.б. сан түрлі ұғымды білдіреді. Мысалы, «**Қазақта қара сөзге дес бермедім**» (Абай), «**Түйені, жылқы мен сыйырды ірі қара деп атайды**», «**Қара қыпшақ Қобыланды**» (Қобыланды батыр жыры), «**Қаратаудың басынан көш келеді**» (халық жоктауы).

С.М. Керимова «Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері» атты диссертациялық еңбегінде: «**Қара** сапалық сын есімі адамзат баласының алған айырған түсінің бірі болған себепті қолдану аясы да кең, мағыналық түрлері де көп. Қара сын есімі жер–су аттарын жасауда ерекше орын алады. Көбінесе географиялық нысанның қара түсін білдіру арқылы бірінші сыңарда анықтауыштық мәнде келіп, біріккен атаулар жасайды. Қара сын есімі конверсия бойынша субстантивтеніп екінші (басыңқы) сыңарда да қолданыс табады. Мұнда, негізінен, «тау, төбе, тоғай» мағыналарын білдіреді. Мысалы: Қара+шоқ (ағаш, СҚО, Есіл ауданы). Қара+тоғай (тоғай, СҚО, Есіл ауданы). Қара+ағаш (ауыл, СҚО, Есіл ауданы). Қарағаш ауылының аталу себебі: ертеде сол жерді мекендеген рулардың бастары бірігіп, бір ауыл құрмақшы болады. Рулардың аттары көп болғандықтан, талас тудырмас үшін ауыл маңында аққайыңдар арасында өскен бір үлкен қара ағаш болған, сол себепті ру ақсақалдары ақылдасып, ауылдың атын Қарағаш деп атап кеткен», – дейді [5: 86].

Ы. Алтынсаринның «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесінде адасып кеткен екі бала моланы көріп қуынып, мээ болады. Неге? «**Мола**» – қайтыс болған адамның қабірі не оның үстіне қойылған белгі дегенді білдіретін, жалпы мағынасы жағымсыз, қорқыныш, үрей сезімін тудыратын сөз. Бірақ бұл сөз адасып келе жатқан адам үшін жағымды, қуанышты мағынаға ауысып, жол табуды, үмітін үзбеуді, яғни «**Молалы жерде ел бар**» дегенді меңзейді. Сол сияқты «**Тұман**» сөзі судың буланған күйі деген мағынаны білдірсе, жақын маңда су — көл, өзен т.б. бар екенінін хабар береді.

Ерте көктемде өзеннің арнасынан асып, тасуын халқымыз «**қызылсу**» деп атаса, бұл апатты, қауіпті білдіретін тілдік бірлікке жатады. Сол сияқты қазақ даласында кездесетін **Ақсу, Қарасу, Сарысу, Көксу** деген өзен аттары да тек топоним ғана емес, ұлан–ғайыр кеңестікте көшіп–қонудың, өмір сүрудің толып жатқан ақпаратын беретін логоэпистемалық бірліктер болып табылады. Сонда **логоэпистема тілдік бірліктер арқылы тасымалданатын танымдық, дүниелілік білім жүйесі** дегенді білдіреді.

Көріп отырғанымыздай, осындай логоэпистемалық сипат географиялық атаулар да жиі кездеседі екен. Әрине, кез келген географиялық атау мұндай логоэпистемалық мәртебеге ие бола бермеуі мүмкін. Дегенмен тіл–тілде топоним–логоэпистемалардың арнайы зерттеу нысаны ретінде зерттелуіне назар аударсақ, олардың халық, ұлт дүниетанымының негізгі көрсеткіштері екенін байқаймыз. Сонымен **топоним–логоэпистема дегеніміз — астарында белгілі бір ақпарат пен когнитивтік мәні бар таңбалық атау** [6: 33].

Жоғарыда айтып өткеніміздей логоэпистемалогия теориясының негізін қалап, «логоэпистема» терминін жасаған Н.Д. Бурвикова мен В.Г. Костомаровтарға орыс тілінің қазіргі таңдағы сипаттамасын беретін үдерістерге талдау жасау, реттеу қызығушылығы себеп болған. Олар қазіргі орыс әдеби тілі стандартқа сәйкес қолданылмайтына аландаушылық білдіреді. Тіл қоғамның даму деңгейінен қалып қоймай, онымен бірге, теңдікке дамуға ұмтылады. Тіл қоғамның даму үдерістеріне мүмкіндігінше тезірек сәйкес келуге тырысып, өте жылдам қарқынмен өзгере бастады. Идеологиялық формулар жоққа шығарылып, тұжырымдамаларды бағалау түсініктері өзгерді, алмасулар күшейе бастады. Ал мәтін көбіне жат контекстік мағыналар мен өңі өзгерген цитаталарға толды. Соның себебінен ол көпқырлы, көпсалалы болып, қабаттасқан мағыналармен беріле бастады. Оларды ақпарат алушы таратып түсінуі үшін ассоциациялық тізбекті жаңа мағыналық парадигмада алуына белсенділік танытуын талап ететінін айтады. Бұл өз кезегінде коммуникацияға қатысушылардың тарихи-мәдени білімі мен тілдік қабілеттерді меңгеру деңгейінің жоғары болуын талап етеді. Себебі бұл контекстегі сөзді түсіну үшін де, оны өз сөйлеуінде қолдану үшін де мұндай қабілет аса қажет болады деген тұжырым жасайды [6: 33]. Содан бастап, осындай жаңа ғылыми лингвомәдени парадигмалық біліммен түсінілетін категориялар тіл мен мәдениет тоғысында қарастырыла бастады.

Логоэпистема ұлттық және әлемдік мәдениеттердің рухани құндылықтарын құру және түсіну нәтижесінде тіл тұтынушы санасында шындық өмірдің әлеуметтік жады арқылы сақталып, бекітілген тілдік көрінісі ретінде анықталады.

Логоэпистемалар іс-әрекеттердің, фактілер мен мифтердің символы, әдеттер мен рәсімдердің эмблемасы ретінде қызмет етеді. Ұлттық руханияттың, тарихи жадтың, этномәдени менталитеттің негізін құрайды. Сонымен қатар, олар жеке адамның және бүкіл этнос өмірінің психикалық құрамдас бөлігі ретінде оның тарихында, ұлттық идеясында рационалды және субъективті болып табылады.

Ғалымдар логоэпистемаларды олардың астарында жататын мағынаның символдары ретінде кейбір аялық білімді, кейбір мәтінді еске түсіретін сигналдар деп атайды. Демек логоэпистеманың өзін эмблема деп қарастырсақ, мәтін символизмінің жиынтығы, лингвомәдени аспектідегі мәтінді сипаттау бірлігі болып шығады. Зерттеушілердің айтуынша логоэпистеманың мәні жарқын, бейнелі түрде, халықтың тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, ең бастысы қысқаша, бір тілдік оралыммен, ой мен сезімді сөз астарымен білдіруге мүмкіндік береді.

Логоэпистемалық мәртебесі бар топонимдер символ, белгілі бір ақпараттық қор ретінде қандай да бір танымдық мағынаға ие бола отырып, мәтін мазмұнын компрессивті және экспрессивті түрде жеткізеді.

Тілдік қарым-қатынаста тілдік тұлға белгілі бір білім мен идеялардың тасымалдаушысы бола отырып, сөйлеу жағдайына байланысты сөз мағынасының элементтерін өзектендіреді. Осы тұста атап өтетін маңызды жайт, адам санасы қай уақытта, қандай да бір жағдаятта болмасын ұлттық танымға негізделеді. Сол негізде әрбір лингвомәдени ортаның дүниетанымында символдардың, мән-мағыналар мен түсініктердің, стереотиптердің өзіндік когнитивті жүйесі болады.

Өртүрлі мәдениеттерге жататын адамдар әлемді әрқилы қабылдайды. Демек белгілі бір қоғамның мүшесі болу үшін сол қоғам мүшелеріне тән тәжірибені, (рухани және материалдық) мәдениетін түсінуді, адамзаттың даму үдерісінде құрылған объективті материалдық заттарды қолдануды үйрену керек. Басқаша айтқанда, белгілі бір ұлттық лингвомәдени қоғамдастықтың мүшесі болу үшін осы ортаның санасын, яғни мағыналар жүйесін игеру керек [7: 33]. Ал аталмыш орта жайлы тәжірибе жинақтаудың, мәдени ақпарат алудың негізгі құралы тіл болып табылады.

Тілді толық меңгеру белгілі бір психикалық және мәдени жүйені игеруді және олардың таңбалары мен белгілерін білуді білдіреді (цитаталар, атаулар, қимылдар, қысқартулар және т.б.) қажет етеді. «Әрбір ұлттық мәдениеттің өзіндік жиынтығы белгілі бір лингвомәдени қоғамдастықтың тілдік мағыналарын, қарым-қатынас ерекшеліктерін, мәтіндердің мағынасын және дискурстың ерекшелігін анықтайды» [8: 34]. Бұл ақпарат жиынтығы тілдік тұлғаның белгілі бір құбылыс туралы білімі мен идеяларын қалыптастырады.

#### *Нәтижелер мен олардың талқылануы,*

Біз «*білім*» мен «*таным*» деп нені атаймыз? Бірқатар ғалымдардың пікірінше, *білім* — бұл әдетте мектепте оқытылатын ақпарат: математикалық ережелер, физикалық және химиялық заңдар, географиялық анықтамалар, оқиғалар туралы нақты ақпараттар [7; 8]. Бұл — ақпараттың белгілі бір жиынтығы. Білімде максималды ықтимал объективтіліктің, адекваттылықтың, шындықтың болуы қажетті шарт.

**Танымға** нақты көріністер, суреттер мен ұғымдар, сондай-ақ олармен байланысты бағалаулар мен коннотациялар кіреді, яғни іс жүзінде таным субъективті. Осылайша, «объективті» білім «субъективті» танымға қарсы қойылады. Білім ұжымдық игілік болса, таным ұжымдық және жеке болуы мүмкін. Жеке және ұжымдық таным арасындағы айтарлықтай маңызды айырмашылықтар бар. Мысалы, «Қызылорда» сияқты қазақтың қаймағы бұзылмаған қазақ мәдениеті контекстіндегі «мәдени ұғым» туралы ұжымдық таным қандай? «Қызыл (алтын) орда», «Қызылдар ордасы», «Бірінші астана», «Сыр елі», «Ақ күріштің отаны» және сол сияқты анықтамалар осы географиялық атаудың астарында қандай көріністер тұратынын білдіреді. Алайда кез келген тілдік тұлғаның жеке танымы ұжыммен сәйкес келмеуі мүмкін. Бір адам Қызылорданы ыстық, өмір сүрге ыңғайсыз қала ретінде қабылдайды «Отан оттан да ыстық, Қызылорда одан да ыстық» (КВН-дік әзіл). Келесі адам бір қаланы не аудан орталығын кішкентай Қызылорда деп атаса, осы географиялық атау туралы ұжымдық танымға сүйенген қазақ лингвомәдени қауымдастығының кез келген өкілі оны түсінеді, қабылдайды.

Адамдардың өмір сүруі кезінде тану үдерісі (когниция) үнемі жүреді. Көз алдындағы әрбір көрініс, құбылысты көру, сезіну, есту, байқау, айту, т.б. әрекет арқылы адам өз санасында ерікті-еріксіз түрде сол әрекеттермен үзіктеп ақпар, мәлімет жинақтап отырады, кейін керек кезінде немесе олардың әсер етуі кезінде ойлап, қорытып, тұжырымдап, мазмұнды ой жинақтайды, өзіндік пікір қалыптастыра бастайды. Өйткені адам әрекеті оның жинақтаған өмірлік, тәжірибелік білімі (танымы) арқылы көрініс береді, жадында қалыптасқан өмірлік, дүниетанымдық әлемін жеткізеді. Таным, танымдық әрекет тілден тысқары емес. Адамның сөйлеуінен оның танымы аңғарылады. Танымдық әрекетпен әлем санада белгілі бір жинақталған білімдік құрылыммен суреттеліп жинақталады [9].

#### Қорытынды

Қорыта келгенде айтарымыз, біз қарастырып отырған қазақ тіліндегі топоним-логоэпистемалар халық тарихы, қоғам өмірімен, адамдардың жеке бас, іс-әрекетімен тығыз байланысты. Ұрпақтан ұрпаққа жетіп, ғасырдан ғасырға ұласып, кейінгі буындарға мирас болып отырған мәдени мұра, өшпес шежіре, халықтың шынар ой, ұшқыр қиял, данышпандық зердесі мен ұлттық мінез-құлқы барша болмысының көрінісі. Жұмыр жерді мекен еткен адамдардың өмір сүру ортасында байқағанымыздай танымның алар орны зор. Ал енді, топоним-логоэпистемаларға келсек, бұл бағытта зерттеулер аз болғанымен, зерттеуге тұрарлық көлемді мәселелердің барына көз жеткіздік. Ендігі кезекте туған жеріміздегі топонимдердің табиғатын когнитивті-прагматикалық аспекті тұрғысынан кешенді түрде зерттеп, тұжырымдар жасау уақыттың және болашақтың еншісінде деп білеміз. Бергі бір дәуірлерде пайда болған, сондай-ақ күні кеше ғана өзіміздің көз алдымызда туып, дүниеге келген жер-су аттарын былай қойғанда, есте жоқ ерте замандарда солай деп аталып, бүгінгі күнге келіп жеткен топонимдерге де қазақ даласы тұнып тұр. Бұларды танып-білу тек топонимикалық атаулардың пайда болуы мен жасалуының жай-жапсарынан хабардар болып қана қою емес, тұтас географиялық өңірді мекен еткен жұрттардың өткені мен кеткені жөніндегі мағлұматымызды, білімімізді ұлғайтуға, кеңейтуге тікелей септігі бар, танымдық мәні аса зор зерделі іс.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Журналдың сайты. Сырдария туралы мәлімет. // Uniface – қазақстандық ашық база қоры [Электрондық ресурс]. — Қол жетімділігі: <https://www.uniface.kz/interfacts/index.php?post=article&id=213>
- 2 Көктәнді Х. Аспан мен даланың арасындағы төрт ұмытылған тарих / Х. Көктәнді. — Алматы: Қасиет, 2001. — 462 б.
- 3 Бес ғасыр жырлайды: ХҮ ғасырдан ХХ ғасырдың бас кезіне дейінгі ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық / Құраст. М. Байділдаев, М. Мағауин; Қаз ССР ҒА М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. — Алматы: Жазушы, 1985. Т. 3. — 352 б.
- 4 Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация / С.Г. Тер-Минасова. — Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. — 320 б.
- 5 Керимова С.М. Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері: филос. д-ры (PhD) ... дисс. Мамандығы 6D020500 – Филология / С.М. Керимова // — Алматы, 2019. — 156 б.
- 6 Буцкая О.Н. Топонимы-логоэпистемы в современном русском речеупотреблении / О.Н. Буцкая // Вестн. МГЛУ. Гуманитарные науки. — 2017. — № 8 (780). — С. 30–37.
- 7 Красных В.В. Виртуальная реальность, или реальная виртуальность (Человек. Сознание. Коммуникация) / В.В. Красных. — М.: Диалог-МГУ, 1998. — 352 с.

- 8 Гудков Д.Б. Межкультурная коммуникация: проблемы обучения / Д.Б. Гудков. — М.: МГУ, 2000. — 120 с.  
 9 Қасым Б.Қ. Когнитивті лингвистика: Оқу құр. / Б.Қ. Қасым, Ы.Б. Шақаман. — Павлодар: ПМПУ, 2018. — 168 б.

Г.А. Туякбаев, А.М. Абасилов, К.С. Сарышова

### Топонимы-логоэпистемы на казахском языке

Статья посвящена изучению единиц современного речевого пространства, топоним-логоэпистем, на стыке языка и культуры. Топоним-логоэпистемы в языке являются основными показателями мировоззрения народа, нации. Значение географического имени не относится к объекту, который он выражает, оно интерпретируется в зависимости от образа в нашем сознании. Поэтому отношения между географическим названием и объектом, который он представляет, сложны, двусмысленны. Это означает, что между географическим названием и географическим объектом стоит человек. По этой причине возникает необходимость изучения топонимов в когнитивно-прагматическом аспекте, предполагающем отношение речи и мышления языкового и неязыкового сознания с прагматической основой, с точки зрения позиции сознательного мышления человека. Опора на когнитивно-прагматический аспект языка открывает путь к синхронному исследованию, т.е. позволяет рассматривать топонимы в ситуационном контексте. Посредством этого мы получаем информацию о том, как конкретный языковой коллектив воспринимает географическое название сейчас, и как они функционируют и закрепляются в сознании личности, обрабатываются. Каждое имя — символ культа истории. Поэтому изучение топонимов, которые считаются таким национальным и духовным богатством, — требование времени, запрос времени.

*Ключевые слова:* топоним, логоэпистема, когнитивно-парадигмальный аспект, лингвокультурология, языковое пространство, текст, образование, познание.

G.A. Tuyakbayev, A.M. Abasilov, K.S. Saryshova

### Toponym-logepistems in the Kazakh language

The article is devoted to the study of modern speech space units, toponym-logepistems, at the intersection of language and culture. By considering such units in language, we notice that toponym-logepistems are the main indicators of the worldview of the people, the nation. Therefore, geographical names are sometimes not directly related to the geographical object. In other words, like any word, the meaning of a geographical name is explained not according to the object it represents but to the image in our minds. Thus, the relationship between a geographical name and the object is complex and two-sided. It means that a person stands between a geographical name and a geographical object. For this reason, there is a need to study toponyms in the cognitive-pragmatic aspect, which considers the relationship between speech and thought of linguistic and non-linguistic consciousness, which has a pragmatic basis, from the point of view of human conscious thinking. Relying on the cognitive-pragmatic aspect of language allows for synchronous study, that allows one to consider toponyms in a situational context. Through this, we get information about how a particular language collective perceives a geographical name now and how they function and are fixed in the consciousness of the individual, processed. Each name is a symbol of the cult history. Therefore, the study of toponyms, which are considered to be such a national and spiritual wealth, is a requirement of time, a request of time.

*Keywords:* toponym, logoepisteme, cognitive-paradigmatic aspect, linguistic and cultural studies, language space, text, education, cognition.

### References

- 1 Zhurnaldyn saity. Syrdariia turaly malimet [Website of the magazine. Information about the Syrdarya]. Uniface – qazaqstandyq ashıq baza qory [Uniface – Kazakhstan open base fund]. [www.uniface.kz](https://www.uniface.kz/interfaces/index.php?Post=article&id=213). Retrieved from <https://www.uniface.kz/interfaces/index.php?Post=article&id=213> [in Kazakh].
- 2 Kокtанди, Н. (2001). *Аспан мен даланың арасындағы төрт ұмытылған тарих* [Four Forgotten Stories between Heaven and Steppe]. Almaty: Qasiet [in Kazakh].
- 3 Байдильдаев, М., & Магауин, М. (Eds.). (1985). *Бес ғасыр зһырлайды: XY ғасырдан XX ғасырдын бас kezine deyingi aqyn-zhyraularynyn shygarmalary* [Five centuries sing: The works of poets from the XV century to the beginning of the XX century. Three volumes]. *Qazaq SSR GA M.O. Auezov atyndagy adebiet zhane oner instituty (Vol. 3)*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 4 Тер-Минасова, С.Г. (2018). *Til zhane madenietaralyq kommunikatsiia* [Language and intercultural communication]. Almaty: Ulttyq audarma biurosy [in Kazakh].

5 Kerimova, S.M. (2019). Madeniaralyq qatysymnyn lingvistikalыq aspektileri [Linguistic aspects of intercultural communication]. *Doctor's thesis*. Almaty [in Kazakh].

6 Butskaya, O.N. (2017). Toponimy-logoepistemy v sovremennom russkom recheupotreblenii [Toponyms-logoepistems in modern Russian speech]. *Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo lingvisticheskogo universiteta. Gumanitarnye nauki — Vestnik of Moscow State Linguistic University. Humanities* [in Russian].

7 Krasnykh, V.V. (1998). *Virtualnaia realnost, ili realnaia virtualnost (Chelovek. Soznanie. Kommunikatsiia)* [Virtual reality or real virtuality (Man. Consciousness. Communication)]. Moscow: Dialog–Moskovskii gosudarstvennyi universitet [in Russian].

8 Gudkov, D.B. (2000). *Mezhkulturaia kommunikatsiia: problemy obuchenii* [Intercultural communication: problems of training]. Moscow: Moskovskii gosudarstvennyi universitet [in Russian].

9 Qasym, B.Q., & Shaqaman, Y.B. (2018). *Kognitivni lingvistika [Cognitive Linguistics]*. Pavlodar: Pavlodar memlekettik pedagogikalыq universiteti [in Kazakh].

Букетов университет